

Өткен оқу жылында класта жүргізілген тәрбие жұмысын талдау

2021-2022 оқу жылының 4 тоқсанында 8- сыныпты 10 оқушы аяқтады. Оның 6-ы ұл, 4-і қыз. Жалпы сыныпта аз қамтылған отбасы саны – 1 (Абдолова Елемес ай сайын тегін тамақпен қамтылады.) Көп балалы отбасы – 8 (Аманжолұлы Ораз, Оразәлі мектепке жол акциясы бойынша мектеп құралдарымен қамтамасыз етілді, Майданова аудандық әкім шыршасына бағалы сыйлық табысталды). Жартылай жетім отбасы саны – 1.

Кластың тәрбие жұмысы бойынша белгіленіп алынған мақсаты: Болашақ қоғам мүддесі үшін еңбектен білетін, рухани ойлау дәрежесі биік, Отанын сүйгіш, еңбеккер, қабілетті тұлға қалыптастыру.

Тиімділігі:

- Ұлттық тәрбие мен құндылықтар негізінде түсініктері қалыптасты.
- рухани-адамгершілік және этикалық принциптері, моральдық қасиеттері мен мақсаттары қалыптасты.
- жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына ана тілі мен қазақ халқының, ҚР-да тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал етті.
- еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыруда дағдылары қалыптасты.

Нәтижелілігі:

- Тәрбиелі салмақты, рухани ішкі дүниесі бай ұлттық жетістіктерді тез қабылдайтын жеке тұлға қалыптасты.

Оқушылардың жыл бойғы сабаққа қатысу көрсеткіші: 100% денсаулығына байланысты сабақ жіберген, себепсіз сабақтан қалған оқушылар жоқ.

Оқушылардың бос уақытты тиімді ұйымдастыруда үйірме жұмыстарына кластың барлық оқушылар тартылды:

Жалпы оқушы саны:	Теннис, волейбол үйірмесіне	Жас Тарихшылар үйірмесі	«Тоғызқұмалақ» үйірмесі
10	4	4	2

«Қазақстан республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты (Нұр-Сұлтан 2021) басшылыққа ала отырып 8 - сыныптың 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының 8 бағыты бойынша жылдық жоспары жасалынды.

-Тәрбие сағаттарына тәрбие бағыттарының қамтылуы.

Бағыттар	Өтілген тәрбие сағаттары саны:34
1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	4
2.Рухани-адамгершілік тәрбие	5
3.Ұлттық тәрбие	4
4.Отбасы тәрбиесі	4
5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	5
6.Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	4

7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	4
8. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру	4


Өтілген тәрбие сағаттарының ішінде Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша оқушыларға басым бағытта тәрбие сағаттары өткізілді. Бұл бағыттағы сынып сағаттарының оң нәтижелері қазіргі замандағы тапшы мамандықтар туралы, ҚР ЖООы туралы ақпарат бере отырып, болашақта оқушылардың мамандық таңдауда дұрыс таңдау жасауына ықпал етті. Жоспарланған тәрбие сағаттарының орындалмағаны жоқ. Барлығы жоспарға сай уақытылы өткізілді.

Сыныпта «Спорт- денсаулық жаршысы» «Мен құқықтарым мен міндеттерім» тақырыптарда ашық тәрбие сағаттары өтілді.

Сыныпта оқу жылы бойынша белгілі бір санаттағы ата-анасы профилактикалық есепте тұрған оқушы -1. Абдолова Ақтолқынның әкесі Абдолов Елем ес. Психолог, әлеуметтік педагогпен бірге жұмыс жасап, үйіне барып қадағалау жұмыстары жүргізілді. Абдолов Елем ес Мектепшілік сыныптан тыс жұмысқа белсене қатысады, бала алдындағы жауапкершілігін түсінеді.

Қосымша білім беру мамандарымен жоспарға сәйкес, білім бөлімінен келген қатынастар негізінде айлық, апталық, жылдық жұмыстар бірлесе жүргізілді. Атап айтар болсақ:

-Әлеуметтік педагог М.Сисеновпен бірге қамқорлық акциялары, мектеп инспекторымен кездесулер, әкелермен өнеге сағаттары өткізілді.



Психолог Р.Қ.Шүтеновамен бірге психологиялық тренингтер, түсіндірме жұмыстары, кәсіби басқосулар болды. Сынып оқушылары, ата аналар белсене қатысты.



<https://www.instagram.com/p/Cb9eG78Gis/?igshid=YmMyMTA2MzY=>
<https://www.instagram.com/p/Ca9imVAF4z/?igshid=YmMyMTA2MzY=>

<https://www.instagram.com/p/Ca4QaQOASNr/?igshid=YmMyMTA2MzY=>

Тәлімгер С.Тәждауовпен бірге эссе, көркемсөз байқаулары, студенттермен кездесу, танымдық сағаттар өткізілді.



<https://www.instagram.com/p/CdGbvkgzg/?igshid=YmMyMTA2MzY=>
https://www.instagram.com/p/CY_XCKBgoZh/?igshid=YmMyMTA2MzY=



Кітапханашы Б.Қалиеваның ұйымдастыруымен кітап көрмелері, REDAX жобалары, «оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша әр сәрсенбі күні кітап оқу акциясы белгіленді, оқушылар түрлі әдеби көркем шығармалармен танысты.



https://www.instagram.com/p/Ct0TL_VMS2o/?igshid=YmMyMTA2MzY=
<https://www.instagram.com/p/CcsCdj6gfbQ/?igshid=YmMyMTA2MzY=>



Аталған мамандардың жоспарына сай жүргізілген жұмыстарға сынып оқушылары белсенділікпен қатысты. «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» айлық жұмысында сынып оқушылары эссе жазу барысында белсенділік танытты. Ата аналарда тренинг жұмыстарына ұйымшылдықпен қатысты.

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР:

<p>Ата-аналар мен қандай жұмыстар жүргізілді Мысалы: суретімен, сілтемесімен болса</p>	<p>Қандай тақырыптарда жиналыстар болды? Неше жиналыс өтілді? Ата-аналардың қатысымы?</p>	<p>Сыныбыңыздың ата-аналарының мектептегі сыныптан тыс жұмыстарға қатысымы. (қандай шара, фото, сілтеме болса)</p>	<p>«Ашық есік» күндеріне жыл бойы неше ата-ана келді? Қандай мақсатпен?</p>
<p>«Қоғамға қызмет» жобасы бойынша қайырымдылық акциялары (ата аналар өз демеушіліктерімен ұзақ үзілісте оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етті.)</p> <p>«Анаға тағзым» мерекелік кездесулер</p>  <p>Әкелермен кездесулер</p>  <p>Айлық, апталық жұмыстарда мерекелік челленджерге</p>	<p>Ата аналармен жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, ата-аналар жиналысы отырыстарының хаттамалары жасалды. Тоқсан сайын жоспарға сәйкес жиналыстар өткізілді. Ата-аналардың қатысымы жақсы.</p> <p>1 отырыс «Бала тәрбиесі – жауапты іс»</p> <p>2 отырыс «Қоғамның жат әдеттерінен ұрпақты қорғайық» дөңгелек үстел</p> <p>3 отырыс Психологиялық тренинг «Менің баламның әлемі»</p> <p>4 отырыс «Ата-ана бақыты - бала» топтық жұмыс «Бала- болашағымыз» тренинг қорытынды жұмыстар және жоспардан тыс ата аналарға «ұялы телефонның зияны»</p>	<p>ата-аналар мектептегі сыныптан тыс жұмыстарға белсене қатысады.</p>  <p>Мерекелік аналармен сұхбат. Психолог жұмысында Қойбағарова Жайнагүл белсене қатысты.</p>  <p>Әкелермен кездесуде Тоғызбаев Аманжол, Абдолов Елемес белсене қатысып мақтау қағаздарымен марапатталды.</p>	<p>Сынып ата аналары «Ашық есік» күндері ашық сабақ, зерттеу сабақтарына және сыныптан тыс жұмыстарда келіп қатысты. Бірлестік мүшелері, пән мұғалімдерімен бірлесе отырып зерттеу сабағында 3 ата ана үш зерттеу сабағына қатысып, балаларының сабақтағы белсенділігін бақылады.</p>

белсене қатысты.



Сыныптағы үш оқушы ата аналарының келісімімен ерікті түрде 12-18 жас аралығындағы «FIZER» екпесін салдырды.



тақырыбында дөнгелек үстел, «ішінде сұйықтығы бар электронды құрылғылар туралы» түсіндірме жұмыстары жүргізілді. өткізілді.



Психологиялық тренинг жұмыстарында белсенділік көрсетті.



Қорытынды: Ата-аналармен жұмыстың жалпы мақсаты орындалды. Мектеп пен ата ана арасында тығыз байланыс болды. Алдағы жылда ата-анамен жұмысты жақсартуда әкелермен түрлі бағыттағы жұмысты жандандыру қажет.

«Заманауи тәрбие технологиялары және оларды тәрбие үрдісінде пайдалану» тақырыбында өткізілген аудандық семинарда өз іс тәжірибесін көрсеткені үшін АЛҒЫС ХАТпен марапатталдым.

«Білім берудің заманауи моделін іске асыру жағдайында тәрбие үдерісін ұйымдастырып, жүргізу ерекшеліктері» тақырыбындағы облыстық семинарға қатысып сертификат берілді. Ақтобе 2021 ж №000121

Алдағы уақытта(алыс, жақын) класс ұжымында шиеленісуі мүмкін проблемалардың болжамы (прогноз):

- «оқушы-мұғалім», «мұғалім-ата-ана», «ата-ана - оқушы» арасындағы қарым-қатынасты оңтайландыру;
- Оқушылардың сапалы тәртібін, жағымды мінезін қалыптастыру, өзін қоршаған ортамен, социуммен әрекеттесуіне көмектесу.
- класс ұжымының бірлігіне себеп болған жалпы класстық, ұжымдық шығармашылық істерді анықтау.

Қорытынды:

Осы оқу жылы қорытындысы бойынша қол жеткен оң нәтижелер.

Тәрбие жұмысында қолданылған жұмыс формалары мен түрлері, әдіс-тәсілдер, жеке, топпен және барлық ұжыммен атқарылған тәрбиелік шаралар оң нәтиже берді. Атқарылған жұмыстар кластағы әрбір жеке тұлғаның ғылыми дүние танымының қалыптасуына, адамгершілік қасиеттерінің, еңбекке деген сүйіспеншілігінің қалыптасуына және жан-жақты жарасымды дамуына жағдай туғызып, жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталды. «Жас жеткіншектердің бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді және «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірінде жүзеге асыру ұмтылысын қалыптастыру, мемлекеттік рәмізін құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге тәрбиеленді. **Нәтижесінде** : азаматтық-патриоттық сана-сезімі жоғарылады, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыды, отбасылық құндылықтарды бойға сіңірді, құқықтық санасы нығайып қалыптасты.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған 30 игі іс шара челленджінде сынып оқушылары белсенділік танытып, мектеп жанындағы бала бақша бүлдіршіндеріне қайырымдылық акциясын ұйымдастырды.

Облыстық IQANAT олимпиадасына Нұрдәулетов Шаһмардан, Аманжолұлы Оразәлі қатысып, Аманжолұлы Оразәлі республикалық кезеңге Нұрсұлтан қаласына жолдама алды.

Алдағы оқу жылында жақсарту керек тұстар.

- Білім беру ұйымдары, отбасы және басқа әлеуметтік институттардың күшін біріктіру;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
- Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

К.Д.Ушинскийдің : «Тәрбие дәрменсіз болмауы үшін ол халықтық болуы тиіс» деген сөзін басшылыққа алатын болсақ, әрбір ұлттың өзіндік дәстүрін, салтын сақтап, сол рухта тәрбиелеуге басты назар аудару қажеттігін ескерткен. Сондықтан жас ұрпақты Отанын сүюге, ол үшін аянбай қызмет етуге, елжандылық пен ерлікке тәрбиелеуіміз керек. Әр баланың бойына ар-намыс пен туған жер, табиғаты, ана тілі, салт-дәстүрі, ата-бабаларының ерлік істеріне сүйіспеншілік сезімдерін шәкірттердің бойына дарыта білуіміз керек. Ел ертеңі бүгінгі және келешек ұрпақ үшін нақты да нәтижелі, сапалы да саналы жұмыстар атқару – біздің мүдделі мұратымыз.